

Келісілді:
«Ақниет+» жеке бөбекжай
-балабақшасының
меңгерушісі Абдрахманова Г.С



Бекітілді: 
«Ақниет+» жеке бөбекжай
- балабақшасының
әдіскері Мухамбеткалиева Г.К

№1 педагогикалық кеңес отырысында қаралды. Хаттама №1, 28.08.2025ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Ақ бота» кіші тобы

Тәрбиешілер: Нугманова Г.С
Утепова А.Б

ТҮСІНІК ХАТ

2025-2026 оқу жылында «Ақ ниет+» жеке бөбекжай-балабақшасының «Ақ бота» кіші тобы тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы;

- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттамасы)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Қыркүйек	Дене тәрбиесі	Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру. Тепе –теңдік сақтау жаттығулары. Тепе теңдікті сақтап тура жолмен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап жүгіру. Еңбектеу. Шектеулі жазықта еңбектеу. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдарды жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.	Әртүрлі бағытта, берілген бағытта шеңбер бойымен жүреді. Тура жолмен жүреді. Бірқалыпты және шашырап жүгіре алады. Жазықтықта еңбектейді. жалпы дамытушы жаттығуларды жасайды. Доптарды жоғары, төмен лақтырады. Қимылды ойындарды қуана ойнайды. Беті қолдарын өз бетінше жуады. Бала табиғи факторда шынығады.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және	жеке дауысты және дауыссыз

	қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын: ойыншық атауларын білдіретін зат есімдермен; Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдай білуге;	дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады
Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, ертегілерін тыңдауға үйрету.	бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды;
Сенсорика	Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды үйрету.	үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды;
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту	Бейнелеу өнерінің көркемдік шығармаларын түсінеді;
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдір	сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі;
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру	қағаздың қасиеттерін біледі;
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер,), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.	құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады;
Музыка	Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру; Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу	музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды;

	Қоршаған әлеммен таныстыру	Қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану;	есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды
--	--	---	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Қазан	Дене тәрбиесі	Жүру.Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Тепе –теңдік сақтау жаттығулары. Сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру. Жүгіру.Берілген бағытта жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу. Домалату, лақтыру.Отырып және тұрып доптарды домалату, лақтыру. Секіру.Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 см) секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Спорттық жаттығулар.Үш дөңгелекті велосипедтен ересектердің көмегімен түсуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету.	әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектейді; нысанаға допты лақтырады; Велосипедтен түсе алады.
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.	Беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрте алады.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және	киім, аяқ киім, заттарын

	дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал етуге; Балалардың сөздік қорын: киім, аяқкиім атауын білдіретін зат есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын үйрету. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімгеәкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге.	білдіретін сөздерді атайды; қарапайым сұрақтарға жауап береді; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдермен етістіктерді, сын есімдерді қолданады;
Көркем әдебиет	Ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.	төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды;
Сенсорика	Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.	қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген;
Сурет салу	Балалардың көркемдік қабылдауын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу,	Парақ бетіне түрлі-түсті дақтарды қарама –қарсы жүргізе алады;
Мүсіндеу	Ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру,заттардың қарапайым пішіндерін мүсіндеу.	кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады
Жапсыру	Фланеграфпен жұмыс:қарапайым композиция құру және орналастыру.Фланелеграфтың кенебін қодану арқылы	бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды

	геометриялық пішіндерді орналастыру.	және құрастырады;
Құрастыру	Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру.	қарапайым құрылысты масштабына ,сюжеттік ойыншықтарды қолданып, үлгі бойынша құрастырады;
Музыка	Балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.	музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдай алады; дыбысталу ерекшеліктерін ажырата алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.	ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; өздері тұратын үйін және пәтерін таниды табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Қараша	Дене тәрбиесі	Жүру. Бір- бірінің қолдарынан ұстап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның астымен еңбектеу. Домалату, лақтыру. Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Секіру. 10-15 см биіктіктен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қимылды ойындар. Негізгі қимылды ойында жүруді жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедтен ересектердің көмегінсіз түсуге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне бұрынғы меңгерген қимылдарды орындауға үйрету.	Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазы біледі.
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.	Жеке заттарды қолданады. Өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіре алады.
	Тілдамыту	Тілдің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін	Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, тыныс ала алады.

	ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту. Балалардың сөздік қорын: көгөніс пен жеміс атауларын білдіретін зат есімдермен таныстыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.	көгөніс пен жеміс заттарын білдіретін сөздерді атайды; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.	Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындаудың үйлесімділігін дамыту.	Ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;
Сурет салу	Балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу; Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді;
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.	кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты

		өздігінен илеуді біледі;
Жапсыру	Қағаздың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету	қағаздың қасиеттерін біледі; жапсыру жұмыстарын жасай алады.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру	өз бетінше құрастыруға тырысады; табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнайды;
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Өртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу	музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер);
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.	ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады; көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар; табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Желтоқсан	Дене тәрбиесі	Жүру. Аяқтың ұшымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге) шығу, тұру. Жүгіру. Аяқтың ұшымен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу. Домалату, лақтыру. Доптарды бір-біріне домалату. Секіру. Еденде жатқан секіргіштен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою, екі жаққа жазу. Қимылды ойындар. Негізгі қимылды ойында жүгіруді жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедтен ересектердің көмегімен рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне бұрынғы меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға үйрету.	жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттардың бойымен, астымен еңбектейді; бір орында тұрып секіре алады. ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады.
	Дене шынықтыру	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Белгілі бір ретпен киінуге және шешінуге үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада, күн сәулесінде болу ұзақтығын қамтамасыз ету.	Белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді.
	Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздер мен сөз	ересектердің сөзін тыңдайды

	тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау Балалардың сөздік қорын: ыдыс, жиһаз атауларын білдіретін зат есімдермен толықтыру. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қоя білуге үйрету «Бұл кім (не)?»	және түсінеді меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес халық әндерін тыңдауды үйрету.	Халық әндерін тыңдайды
Сенсорика	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас бір текті заттарды топтастырады.
Суретсалу	Материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Ересектер салған суретті толықтыру	Ересектермен бірлескен әрекеттерді суреттерді толықтырып салады.
Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуді үйрету, мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру,	мүсіндейтін заттарды зерттейді; кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетеді.
Жапсыру	Сызықтарда, шаршыда, қағаз бетіне қойып, құрастыруға,	Фигураларды қағаз бетіне

	түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	қойып орналастырады.
Құрастыру	Заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.	өз бетінше құрастыруға тырысады; қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады;
Музыка	Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	жекелеген сөздер мен буындарды ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына, ересекпен қосылып орындайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындайды.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Өртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.	заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Қаңтар	Дене тәрбиесі	Жүру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге) шығу, тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу. Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Секіру. 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды шапалақтауға үйрету. Қимылды ойындар. Негізгі қимылды ойында допты домалатуға үйрету. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанауды үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қимыл белсенділігіне бұрынғы меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға үйрету.	заттардың бойымен, астымен еңбектейді; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; доптарды заттардың астынан домалатады. Шанамен сырғанауды біледі.
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.	Беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртеді. Серуенде қимылды ойындарға қатысады.

		Серуенде қимылды ойындарға қатысуға баулу.	
	Тілдамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын білдіретін зат есімдермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім +зат есім, зат есім + етістік) Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».	үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді атайды; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады; шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, өз ойын айтады.
	Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.	суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп қайталайды.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін бір келкі заттарды топтастыру, ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру жетілдіру.	Ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады; түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады.

Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды үйрету.	Сурет салу ережесін сақтайды.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеуді үйрету. Мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады.	Мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады.
Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден) үйрету.	бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу	Қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады.
Музыка	Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;	Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды
Қоршаған әлеммен таныстыру	Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі,	заттарды және олармен әрекет етуді біледі; ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып,

	сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.	ересектерге еліктейді; басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады.
--	---	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Ақпан	Дене тәрбиесі	Жүру. Белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр) тепе-теңдік сақтап жүру. Құрсаудан құрсауға аттап өту. Жүгіру. Бірінің соңынан бірі (20 метрге дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу. Домалату, лақтыру. Доптарды бір-біріне домалату. Секіру. Еденде жатқан секіргіштен секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарды алға-артқа сермеу жаттығуын орындау; Қимылды ойындар. Негізгі қимылды ойында допты лақтыруға үйрету. Спорттық жаттығулар. Шананы жібінен сүйрету, шанамен төбешіктен сырғанауға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Бұрын меңгерген қимылдарды орындауға үйрету.	Жалпы жаттығуларды орындап жүре алады. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындайды; Қарапайым ойындарды ойнайды. Шананы жібінен сүйретеді, шананы сырғанатады.
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Өртүрлі ілгектерді қолдана білуге үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.	Өртүрлі ілгектерді қолдана алады. Жаттығуларды орындайды.

	Жаттығуларды орындауға қызығушылық танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. көлік құралдарының атауларын білдіретін зат есімдермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру, Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, ойынайтуға үйрету.	Көлік құралдарын заттарын білдіретін сөздерді атайды; Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады. Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.	педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталап айтады; таныс өлеңдерді қайталап айтады;
Сенсорика	Өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады.
Сурет салу	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағаздың қасиеттерін біледі; саусақ пен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау	дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді; дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді;
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды	дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан

	тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету	кейін материалдарды жинастырады;
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды орналастыру. Ересектермен бірге тастауға (қарама-қарсытүстер) үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады.
Құрастыру	Ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.	құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады.
Музыка	Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу қабілеттерін арттыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.	әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); музыкалық аспаптарды ажыратады; бұрын естіген әндерді таниды;
Қоршаған әлеммен таныстыру	Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі. Жалпы қабылданған моральдық-	ересектердің еңбек әрекеттерін бақылайды; ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс

	адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.	емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді; серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін білед;
--	--	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Наурыз	Дене тәрбиесі	Жүру.Иректелген лентаның бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру. Жүгіру.Бағытты өзгертіп жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Домалату, лақтыру. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Секіру.Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Жалпы дамытушы жаттығулар.Саусақтарды бұғу және ашу жаттығуын орындау. Қимылды ойындар. Негізгі қимылды ойында допты лақтыруға үйрету. Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі.Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға үйрету.	жүруде тепе-теңдікті сақтайды; әртүрлі қимылмен жүре біледі. белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды. Жалпы жаттығу бұғу және ашу жаттығуын орындайды. Дербес қимылдарды өз бетінше орындайды.
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешінуді үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.	Заттарын ретімен қояды, киініп, шешінуді біледі.

	Серуендегі ойындарға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Балалардың сөздік қорын: жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.	жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды; кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.	көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнайды.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.	түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды салыстырады.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.	қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді;
Мүсіндеу	Алдын-ала мүсіндейтін заттарды зерттейді; дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады.	мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген. мүсіндейтін заттарды зерттейді.

Жапсыру	Фланелеграфта гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.	тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды;
Музыка	Музыка тыңдау. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); бұрын естіген әндерді таниды; ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды.
Қоршаған әлеммен таныстыру.	Еңбекке баулу. Тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады еңбек әрекеттерін білуге үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғат әлемі. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек),	ересектердің еңбек әрекеттерін бақылайды; ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады үй құстарын таниды және атайды

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Сәуір	Денетәрбиесі	Жүру.Бағытты өзгертіп, шеңбер бойымен, аяқтың ұшымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Орнында баяу айналу. Жүгіру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу.Әртүрлі заттардың астымен еңбектеу. Домалату, лақтыру.Әртүрлі арақашықтықта допты домалату. Секіру.Секіргіштен аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Спорттық жаттығуларды орындау техникасын үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ойын әрекеттерін би қимылымен орындауға үйрету.	Аяқтың ұшымен жүреді, секіргіштен аттап секіреді, спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; қимылды ойындарды қуана ойнайды.
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып	Үстел басында отыруды біледі.

		шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеуге үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.	
	Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен Байланыстырып сөйлеу. сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.	еңбек әрекетін, қарама-қарсы мәндес әрекеттерді білдіретін сөздерді біледі; суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді, ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады;
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.	Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды; кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды.
	Сенсорика	Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.	Заттардың санын ажырата алады;
	Сурет салу	Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау:	өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады;

	дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.	қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын менгерген;
Мүсіндеу	Табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.	табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетеді;
Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	Қарапайым кескінді конструктивті тәсілді, композицияларды орналастырады және құрастырады;
Құрастыру	Қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.	өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту. Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізе білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	бұрын естіген әндерді таниды музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); бұрын естіген әндерді таниды

Қоршаған әлеммен таныстыру		Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Адамгершілік тәрбиесі Дәрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Табиғат әлемі. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру	ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып, ересектерге еліктейді; басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді;
--	--	---	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер:
Мамыр	Дене тәрбиесі	Жүру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру. Жүгіру. Шашырап жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағанда тіземен тіреп еңбектеу. Домалату, лақтыру еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Секіру. еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар. Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауға үйрету; спорттық жаттығуларды орындауға үйрету.	Жалпы жаттығуларды орындайды; шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады; қимылды ойындарды қуана ойнайды; қимыл белсенділігіне жағымды

		Дербес қимыл белсенділігі. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	эмоция білдіреді;бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындайды;
	Дене тәрбиесі	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.	үстел басында дұрыс отырады.
	Тіл дамыту	Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балалар сөз тіркестерін құра білуге (сын есім +зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.	қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады;

Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.	оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	Түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді; түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды салыстырады.
Суретсалу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.	қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді, қағаздың қасиеттерін біледі; қағазға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.	дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады; мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады
Жапсыру	Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық	бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды

	ою-өрнектерін орналастыру.	және құрастырады;
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.	тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды; өз бетінше құрастыруға тырысады
Музыка	Музыка тыңдау. қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	музыкалық аспаптарды ажыратады әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады); музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды
Қоршаған әлеммен таныстыру	Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға үйрету. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай	ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; өсімдіктер мен жануарларға

	білуге тәрбиелеу. Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғат әлемі. Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.	қамқорлық танытады: оларды жақсы көреді, сипайды; жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.
--	---	--

«Ақниет+» жеке бөбеюжай-балабақшасы

Шнурланған, нөмірленген

Барлығы: 33 6

Балабақша меңгерушісі Абдулманова Г.С.

